**6D020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Мусинова Гульмира Султангазыевнаның «Семей сынақ полигоны: тарихи деректер және әдеби-жанрлық интерпретация» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми кеңесшінің**

# ПІКІРІ

Мусинова Гульмира Султангазиевнаның 6D020500 – «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Семей сынақ полигоны: тарихи деректер және әдеби-жанрлық интерпретация» деген тақырыптағы диссертациясында кешенді зерттеу жұмыстары жүргізілген.

Диссертациялық жұмыстың кіріспесінде докторант тақырыптың жалпы сипаты, зерттеудің өзектілігі, зерттеудің мақсат-міндеті, зерттеу нысаны, зерттеу пәні, әдістері, теориялық және әдістемелік негіздері бойынша мағлұмат беріп, зерттеу жұмысының жаңалығы мен қорғауға өз тұжырымдарын ұсынған. Тақырып терең талданып, ғылыми тұрғыдан жан-жақты негізделген.

«Семей сынақ полигоны туралы тарихи деректер және әдеби процесс» атты бірінші тарауы үш бөлімнен тұрады. «Семей сынақ полигоны туралы тарихи шындық пен деректер», «Қазақ баспасөзіндегі Семей сынақ полигонының көрінісі», «Әдеби процестегі экологиялық дағдарыс пен ядролық сынақ зардабы» атты бөлімдерде мұрағат қорларындағы тың деректерді пайдаланған. Баспасөз беттеріндегі Семей сынақ полигоны туралы жазылған мақалалар мен сұхбаттарға арнайы тоқталған. Экология тақырыбының көрінісі халық ауыз әдебиеті мен ежелгі дәуір әдебиетінен бастау алып, қазіргі қазақ әдебиетіндегі бейнесі дәйектеліп көрсетілген.

«Семей сынақ полигоны және әдеби-жанрлық интерпретация» деп аталатын екінші тарауы «Қазақ поэзиясындағы Семей қасіретінің бейнеленуі», «Прозадағы адам және табиғат концепциясы», «Семей қасіреті драмалық шығармалардың арқауы» деген бөлімдерді қамтиды. Бұл тарауда Семей сынақ полигоны туралы көркем шығармаларды тақырыптық-идеялық, жанрлық тұрғыда жүйелеп, ғылыми айналымға енгізген.

Поэзиялық туындылардағы Семей трагедиясының көрінісіне, көркемдік-құрылымдық жүйесіне теориялық талдау жасаған. Прозалық және драмалық шығармаларды талдау барысында тарихи шындық пен көркемдік шешімі анықталған.

Қазақ әдебиетінде Семей қасіретін бейнелейтін Б. Тілегеновтің «Қара жел», Р. Нұрғалидың «Дегелең дерті», Р. Тоқтаровтың «Полигон», М. Ибраевтың «Жоғалған өзен», М. Сәрсекенің «Семей қасіреті», С. Досжанның «Қасірет пен тағдыр» романдары, Р. Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне», Д. Рамазанның «Соңғы дем», Б. Мұқайдың «Заманақыр», Н. Оразның «Жылқының көз жасы», А. Алтайдың «Кентавр» әңгімелері, Т. Әбдікәкімовтің, Ұ. Есдәулеттің, Б. Жақыптың, А. Елгезек, М. Оспанов,

**6D020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Мусинова Гульмира Султангазыевнаның «Семей сынақ полигоны: тарихи деректер және әдеби-жанрлық интерпретация» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми кеңесшінің**

# ПІКІРІ

Мусинова Гульмира Султангазиевнаның 6D020500 – «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Семей сынақ полигоны: тарихи деректер және әдеби-жанрлық интерпретация» деген тақырыптағы диссертациясында кешенді зерттеу жұмыстары жүргізілген.

Диссертациялық жұмыстың кіріспесінде докторант тақырыптың жалпы сипаты, зерттеудің өзектілігі, зерттеудің мақсат-міндеті, зерттеу нысаны, зерттеу пәні, әдістері, теориялық және әдістемелік негіздері бойынша мағлұмат беріп, зерттеу жұмысының жаңалығы мен қорғауға өз тұжырымдарын ұсынған. Тақырып терең талданып, ғылыми тұрғыдан жан-жақты негізделген.

«Семей сынақ полигоны туралы тарихи деректер және әдеби процесс» атты бірінші тарауы үш бөлімнен тұрады. «Семей сынақ полигоны туралы тарихи шындық пен деректер», «Қазақ баспасөзіндегі Семей сынақ полигонының көрінісі», «Әдеби процестегі экологиялық дағдарыс пен ядролық сынақ зардабы» атты бөлімдерде мұрағат қорларындағы тың деректерді пайдаланған. Баспасөз беттеріндегі Семей сынақ полигоны туралы жазылған мақалалар мен сұхбаттарға арнайы тоқталған. Экология тақырыбының көрінісі халық ауыз әдебиеті мен ежелгі дәуір әдебиетінен бастау алып, қазіргі қазақ әдебиетіндегі бейнесі дәйектеліп көрсетілген.

«Семей сынақ полигоны және әдеби-жанрлық интерпретация» деп аталатын екінші тарауы «Қазақ поэзиясындағы Семей қасіретінің бейнеленуі», «Прозадағы адам және табиғат концепциясы», «Семей қасіреті драмалық шығармалардың арқауы» деген бөлімдерді қамтиды. Бұл тарауда Семей сынақ полигоны туралы көркем шығармаларды тақырыптық-идеялық, жанрлық тұрғыда жүйелеп, ғылыми айналымға енгізген.

Поэзиялық туындылардағы Семей трагедиясының көрінісіне, көркемдік-құрылымдық жүйесіне теориялық талдау жасаған. Прозалық және драмалық шығармаларды талдау барысында тарихи шындық пен көркемдік шешімі анықталған.

Қазақ әдебиетінде Семей қасіретін бейнелейтін Б. Тілегеновтің «Қара жел», Р. Нұрғалидың «Дегелең дерті», Р. Тоқтаровтың «Полигон», М. Ибраевтың «Жоғалған өзен», М. Сәрсекенің «Семей қасіреті», С. Досжанның «Қасірет пен тағдыр» романдары, Р. Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне», Д. Рамазанның «Соңғы дем», Б. Мұқайдың «Заманақыр», Н. Ораздың «Жылқының көз жасы», А. Алтайдың «Кентавр» әңгімелері, Т. Әбдікәкімовтің, Ұ. Есдәулеттің, Б. Жақыптың, А. Елгезек, М. Оспанов,

А. Айтмұхамбетова т.б. ақын-жазушылардың зерттеу нысанасына алынған көркем туындыларының әдеби-жанрлық интерпретациясы анықталғаны, диссертациялық жұмыстың салмағын арттыра түскендей.

Диссертациялық жұмыста қазақ әдебиетіндегі Семей қасіретін бейнелейтін көркем шығармалар алғаш рет ғылыми айналымға енгізілген, бүгінгі әдебиеттану ғылымында өзекті деген мәселеге арналады.

Гульмира Султангазыевнаның диссертациялық жұмысы әдебиеттану ғылымында, атап айтқанда поэзия, проза, драма жанрына өзіндік үлес болып қосылатын еңбек.

PhD дәрежесін алуға үміткер Г.С. Мусинова диссертациялық жұмысын қойылған мақсаттары мен міндеттеріне сай қорытындылаған, жұмыстың ішкі логикалық байланысы жүйелі.

Диссертация «ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің» талаптарына толық сәйкес келетіндіктен Мусинова Гульмира Султангазыевнаның «Семей сынақ полигоны: тарихи деректер және әдеби-жанрлық интерпретация» атты еңбегі үшін 6D020500 – «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Ғылыми кеңесші:**
**«Alikhan Bokeikhan University» БММ**
**Филология кафедрасының доцент м.а.**
**филология ғылымдарының кандидаты** **К.Тулебаева**

Қолын растаймын / Удостоверяю подпись
Тулебаева К.Т.
КАДР БӨЛІМІ
«17» 02 2023 ж.г.

Инспектор ОПРП
Абогшаитова

«ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY» БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ЖҰМЫС БӨЛІМІ